

МОДУЛЬ 3. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. № 9. Семинар сабағының тақырыбы. Сақтар (скифтер), массагеттер, дактар (даилар), исседондар, аримаспылар.

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Қазақ халқының құрылуына негіз болған сақтардың, саврамматтар-сарматтар тарихын қарастыру .

3. Сабақтың мазмұны:

1. Сақ тиграхаудалардың басты этнографиялық ерекшеліктері (баяндама).

2. Сақтар тайпалық құрамы (баяндамалар):

А) Теңіздің ар жағындағы сақтар (Парадария);

Ә) Шошак бөрікті сақтар (Тиграхауда);

Б) Хаома сусынын дайындайтын сақтар (Хаумаварга).

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, видеоролик.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі: Дербес жұмысқа арналған тақырыптар

1. Сақтар (скифтер), массагеттер, дактар (даилар), исседондар, аримаспылардың шаруашылығы.

2. Сақтар (скифтер), массагеттер, дактар (даилар), исседондар, аримаспылардіни наным-сенімдері.

Дәрісханада өткізілетін жұмыс:

Оқытушының алғы сөзі:

Сақтар б.з.д. I мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шы-ғыс Түркістан жерін мекендеген ежелгі тайпа. Ежелгі заманда Орта Азия өңірін мекендеген сақ тайпалары туралы тарихи де-ректер сол замандағы парсы және грек авторларының жазба де-ректерінде сақталған. Жалпы, сақ атауының мағынасы жайында әртүрлі пікір бар. Мысалы, “сақ” сөзінің мағынасын парсы жаз-баларында “Күдіретті еркектер” деп түсіндіреді, ал Иран жаз-баларында “Жүйрік атты турлар” деп атайды. Ежелгі грек авторлары сақтарды “Азиялық скифтер” деп атаған.

Сақтар туралы алғашқы жазба деректер Геродоттың еңбегін-де кездеседі. Сондай-ақ сақтар туралы ежелгі ирандықтардың Авеста деген қасиетті кітабында құнды мәліметтер бар. Сақ қоғамы жауынгерлер, абыздар, қауым мүшелері болып үш топқа бөлінді.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі:

1-деңгей. *Негізгі ұғымдар мен адам есімдеріне анықтама беру.*

Сақ, тайпа, аримаспылар, аргипейлер, савроматтар.

2-деңгей. *Реферат презентациясы:*

Сақтардың сыртқы саясаты.

3-деңгей. Антика, парсы, қытай деректеріндегі сақ тайпалары.

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері: Картадан сақ тайпалары мен олардың замандастары мекен еткен жерлерді анықтау қажет. Игерілген материалды келесі жоспар бойынша жүйелеу қажет: 1. орналасқан жері (расселение); 2. шаруашылығы; 3. көрші елдермен қарым-қатынасы; 4. өнері. Ұсынылған жоспар бойынша материалды жазбаша түрде тапсыру.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz